



ТҮРКІ КИНО ӘЛЕМІНІҢ ЖАҢҒЫРУЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Түркі елдері медиа орталығының ашылуы жоспарлануда. Бұл туралы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтановтың Түркі дүниесі Журналистер федерациясының президенті Мендерес Демирмен кездесуі барысында белгілі болды.

Студенты КазНУ предложили создать специальные центры по поддержке молодежи во всех городах Казахстана по примеру «DEPO Evolution Park». Данные центры были открыты в рамках программы «Рухани жаңғыру» на месте бывшего трамвайного депо в Алматы, а также в Ауэзовском и Наурызбайском районах города. Такое предложение было озвучено во время встречи студентов с вице-министром общественного развития РК Сергеем Коноваловым.

ВАЖНАЯ МИССИЯ

Знакомясь с инфраструктурой кампуса КазНУ вице-министр отметил активное внедрение и применение в университете новейших цифровых инноваций, которые повышают качество предоставляемых образовательных услуг и управление деятельностью вуза в целом. Такой подход положительно способствует активному продвижению вуза в авторитетных международных и отечественных рейтингах.

Во время кампус тура вице-министр ознакомился с работой центра ситуационного управления. Совместно со стратегическим партнером компанией «Microsoft» в КазНУ внедряется облачная служба бизнес аналитики «Microsoft Power BI».

Продолжение на 2 стр.

ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру мен қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеруді қажет етеді. Білім беру жүйесін жаңа заман талабына сай дамыту мақсатына арналған кезекті ректорат жиыны университеттің білім беру бағдарламаларын жаңартуға арналды.

«Бүгінде дамыған елдердегі білім беру жүйесіндегі ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі – оқытуды акпараттандыру, яғни оқу үрдісінде акпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Болашақ білікті маман даярлайтын оқу орны ретінде біздің басты міндетіміздің бірі – жеке тұлғаның құзіреттілігін дамыту. Құзірет – оқушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығы. Құзіреттілік – оқушының әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі. Акпараттық құзіреттілік – бұл жеке тұлғаның әртүрлі акпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және акпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін қолдануды талап етеді. Осы ретте біз оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе алмасу, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, топта жеке және жұппен жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді болашақ жас маманға үйрету арқылы жанартылған білім берудің маңыздылығын айқындаймыз», – дейді ректорат мәжілісінде баяндама жасаған оқу жұмысы жөніндегі проректор Асқар Хикметов.

Жалғасы 2-бетте



Кездесу барысында ҚазҰУ ректоры Түркі дүниесі Журналистер федерациясының президенті Мендерес Демирменға түркі халықтарының өзара қарым-қатынасын нығайтуда қосып келе жатқан үлесі үшін өз алғысын айтты. «Жыл сайын дәстүрлі түрде өтіп келе жатқан Түркі дүниесінің деректі фильмдер фестивалі талантты жастарға кәсіби қолдау жасайды. Осы кинотуындылар арқылы қазіргі мәдени, рухани және ең бастысы ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөлініп, әлеуметтік мәселелерге ерекше назар аударылуда. Осы орайда біз де түркі дүниесінің дамуына өз үлесімізді қосу мақсатымен болашақта университетімізде үлкен медиа орталық ашуды жоспарлап отырмыз. Медиа орталық тек телевидения саласында ғана емес, сонымен қатар мәдениетіміз бен тарихымызға және де білім мен ғылымға байланысты ғылыми-танымал қысқа және толық метражды фильмдер түсірумен айналысатын болады. Сонымен қатар орталық барша түркі тілдес елдерді мәдени тоғыстыра отырып, ЖОО-ларының студенттері тәжірибе алмасатын маңызды орынға айналады деп сенеміз», – деді Ғалым Мұтанов. Сонымен қатар ректор алдағы уақытта кең көлемде аталып өткені атырған Әл-Фарабидің 1150 жылдығына байланысты бірнеше жобалар қолға алынғандығын айтты. Солардың бірі «Ұстаздың оралуы» атты деректі фильм екендігін атап өтті.

Өз кезегінде Түркі дүниесі Журналистер федерациясының

президенті университет басшылығына ерекше қабылдау үшін өз алғысын айта отырып, кинофестивальдің маңыздылығына тоқталып өтті. «Осы жылы кинофестиваль байқауына түркі тілдес елдерден 140-қа жуық кинотуындылар қатысты. Олар кәсіби және студенттік болып, екі бағытта қарастырылды. Ал фильмдерді саралау үшін ҚазҰУ-дан, Баку университетінен, Ыстамбұл университеті мен Македония елінің жоғары оқу орындарынан арнайы қазылық қызметін атқарған топ шақырылды. Қазіргі күні байқауда іріктелініп алынған ең үздік кинотуындыларды алып үлкен іс-сапарға шығып отырмыз. Биылғы жылдың ерекше кинотуындысы ол сегіз мемлекеттің аналарының тағдырын, өмірін бейнелейтін «Түркі анасы» фильмі», – деді Мендерес Демирмен.

III Халықаралық Түркі дүниесі деректі фильмдер фестивалінің аясында Түркиялық қонақтар Журналистика, Шығыстану және Халықаралық қатынастар факультетінің студенттерімен де кездесті.

Журналистика факультетінің деканы Сағатбек Медеубекұлы: «Бізді байланыстыратын шаралар өте көп. Солардың бірі – руханиятқа арналған. Соның бірі түркі әлемі кинофестиваліне бірлесіп қатысуымыз», – деп тоқталды.

Жалғасы 3-бетте

ЖАҢАШЫЛДЫҚ
ЖЕТІСТІККЕ
ЖЕТЕЛЕЙДІ

2-бет



«СЕГІЗ ЕЛ, СЕГІЗ ШАҒАР,
БІР ФЕСТИВАЛЬ»

3-бет



КӨКПАР –
ҰЛТТЫҚ
ҚҰНДЫЛЫҚ

8-бет



Продолжение. Начало на 1 стр.

Компания высоко оценила работу университета в развитии и широком использовании современных IT технологий сняв об этом видеофильм, который разместила на своем сайте.

Гость также посетил центр обслуживания студентов «Керемет», научную библиотеку и проектный офис «Рухани жаңғыру». На встрече со студентами он напомнил, что следующий год объявлен Главой государства «Годом молодежи». Предстоит большая и кропотливая работа для министерства и всего общества по реализации задач, поставленных в Послании Президента страны. В ходе встречи были подняты и обсуждены вопросы касающиеся молодежи. Сергей Коновалов подробно остановился на работе министерства общественного согласия в сфере молодежной политики, программах, которые будут реализованы в этом направлении. Он внимательно

ВАЖНАЯ МИССИЯ



выслушал предложения студентов и пожелал им успехов в учебе и активной гражданской позиции. В завершении встречи вице-министр

Г. БАЯНДИНА

РЕКТОРАТ

Жалғасы. Басы 1-бетте

ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖЕТІСТІКKE ЖЕТЕЛЕЙДІ

Кезекте мінбеге шыққан физикалық химия, катализ және мұнай химиясы кафедрасының меңгерушісі Ермек Әубәкіров «Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жанаруымен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды қажет етеді. Осы ретте кафедра АҚШ, Жапония, Франция сынды мемлекеттердің жетекші университеттерімен әріптестік орнатып, профессорларымен бірлесе жұмыс жасайды. Алдағы уақытта кафедра серіктестік орнатқан университеттермен физикалық химия, катализ және мұнай химиясы саласын одан әрі дамытуды көздеп отыр», – деді меңгерушісі.

Қазіргі кезеңде елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жанарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды дейді мәжіліске қатысушылар. Білім берудің халықаралық стандарттары, оқытудың заманауи методикасы, кәсіби ағылшын тілі, тәжірибе алмасу және тағылымдамадан өтуге жанартылған бағдарламалар туралы баяндама жасаған басқа да кафедра меңгерушілері болашақта кафедралардың белсенділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған білім беру бағдарламаларын ұсынды.

Сондай-ақ жиын аясында «Қазақстан Республикасының минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі ұлттық орталық» пен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ арасында ынтымақтастық туралы келісімшартқа қол қойылып, Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры «Sarbaz Race» әскери-патриоттық ойынында бірінші орын иеленген ҚазҰУ командасы арнайы грамотамен марапатталды.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

ИНВЕТОРЛАР АУРУХАНА САЛУҒА НИЕТТІ

Оңтүстік Кореяның инвесторлары ҚазҰУ-дың студенттік ауруханасының құрылысын қаржыландыруға ниетті. Бұл туралы ҚазҰУ басшылығы DK Consultants компаниясының президенті Дэвид Ким бастаған Корей делегациясымен кездесу барысында айтылды.



Кездесуді ашқан ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев биомедицина кластері саласындағы университеттің қызметі, академиялық ұтқырлық бағдарламасының студенттері мен оқытушылары үнемі араласатын Оңтүстік Корея университеттерімен ынтымақтастық туралы және университеттің жоспарлары мен болашақ жобалары туралы айтып берді.

Атап өту керек, университеттің ғылыми білім беру және ауруханадағы тәжірибені жалғастыру үшін Алматы қаласының әкімдігі ҚазҰУ ұжымына қалалық емханалардың бірін пайдалануға берген болатын. Бұл халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын арттырып қана қоймай, ғалымдардың тәжірибесі мен диалогын, денсаулық сақтаудың түрлі салаларында медицина факультетінің ҚДСЖМ студенттеріне, жас дәрігерлер мен мамандарға тәжірибе алмасуға және біліктіліктерін арттыруға бірігей мүмкіндік береді.

ҚазҰУ биомедициналық кластер құру жобасының шеңберінде университеттің инфрақұрылымын дамытуға үлкен көңіл бөледі. 2014 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың қатысуымен Еңсе университеті жанындағы Кангнам Северанс ауруханасымен бірлесе ҚазҰУ-дың диагностикалық орталығы ашылған. Корей

университеттерімен құрылған халықаралық медициналық кластер олардың медицина және денсаулық сақтау саласындағы медицина орталықтары мен трансұлттық компаниялар «үш еселенген спираль теориясын» – университет пен бизнес және мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты көрсетеді.

«Мұндай ынтымақтастық экономикалық субъектілер арасындағы өзара іс-қимылдың мультипликативтік әсерін қамтамасыз етеді. Бұл бір-бірімен тәжірибе алмасуға, жаңа технологиялар мен қызметтерді жасауға, сондай-ақ білім беруді интернационалдандыру мәселелерін шешуге мүмкіндік береді», – деді М. Бүркітбаев.

Өз кезегінде Оңтүстік Кореядан келген инвесторлар аурухана құрылысына үлкен қызығушылық танытты. Кездесу барысында ҚазҰУ-дың студенттік ауруханасы құрылысының жалпы мәселелерін талқылап, осы жобаның негізгі басымдықтарын белгіледі. Болашақ жастарға арналған студенттік аурухана 5 гектар аумаққа салынады деп күтілуде. Алдын-ала келісім бойынша Оңтүстік Кореяның инвесторлары Алматыда төрт аурухана ғимаратын тұрғызуды болжап отыр, оның біреуі ҚазҰУ кампусы аумағында тұрғызатын болады.

Баспасөз қызметі

KAZNU.KZ

QazU Web of Science Core Collection basylymdaryndaғы kóshbasshy atandy. Al-Farabi atyndaғы QazU ғылыми мақалалар саны бойынша Qazaqstannyń ғылыми-zertteý uymdary men joғary oqy oryndarynyń arasynda birinshi oryn ielendi.

Ultyq ыниверситet Web of Science halyqaralyq derekqorynda reitingtik jymaldarda jarialanǵan maqalalar sany boyynsha alda keledi.

Clarivate Analytics halyqaralyq kompaniasy QazU-dy “Web of Science Core Collection basylymdaryndaғы kóshbasshy” nomnasyamen marapatady. Marapat QazU-dyń jetekshi ыниверситet retinde ылым, bilim jáne innovasiyanıń aldyńy qatarly ortalyǵy bolyp, halyqaralyq reitingtik jymaldarda ғalymdardyn ылыми-zertteý jumystarynyń joғary deńgein kórsetkeni úshin berildi.

QazU ғalymdarynan dáleksóz keltirilgen basylymdar sany jyl saıyn 40%-ǵa ósedi. Ғalymdardyn aıtynsha, bul fakt QazU-dyn álemdik deńgeidegi zertteý ыниверситetine amalyna tolyq negiz bola alady.

Aıta keteik, Joғary bilim aldyń qoljetimdigini men sapasyn arttyry – “Prezidenttiń bes áleymettik bastamasynyń biri”. Sonymen birge Qazaqstannyń joғary bilim berý salasyn damytý týraly Nursultan Nazarbaevtyń “Bolashaqqa baǵdar: rýhani jańǵyry” atty maqalasynda da jazylǵan edi.

Tabysty bolıdyń eń irgili, basty factory bilim ekenin árkim tereń túsinıy kerek. Jastarymyz basymdyq беретin mejelerdiń qatarlynda bilim árdarym birinshi orynda turıy shart. Sebebi, qundylyqtar júesinde bilimdi bárinen bik qoiatyn ult qana tabysqa jetedi, – delingen Nursultan Nazarbaevtyń maqalasynda.

Web of Science Core Collection – álemdegi ылымı basylymdardyn jetekshi derekqory. Onda 18 myńnan astam jymnal indeksteledi, olardyń 12 myńnan astamynyń impakt-factory bar.

Jymnalstika fakýltetinde The Associated Press aqparattyq agenttiginin tilshisi, belgili jazıshy Jesse Holandpen kezdesý ótti. Belgili jymnalstika kezesydi jymnalstika fakýlteti uymdastyrdy.

Kezdesý barysynda halyqaralyq etika taqyryby basty nazarga alynyp, stýdentter óz saıaldaryna naqty árı utymdy jayap aldy. Jesse Holand óz sózinde: «Búginde jymnalstikadaғы demokratalyq baǵyt pen gymanistik pozisia barshaǵa ortaq. AQSH nemese Eýropa, Azia men Parsy shyғanaǵy elderi úshin de solai. Jymnalst erqashan óz pikiri men deregine qaishy keletin jaǵdailardan aylaq bolıy qajet. Albette, AQSH-ta quyqbuzıshylyq oryn alyp, tilshiler qıydyqqa ushyrap jatady. Iagmı bul jymnalstikada árı sózdın tekserýden óty kerektingin, árı etikalyq normalarǵa basa nazar berı qajettigin bildiredi. Jymnalstikanyń qaı salası bolmasyn mańyzdy jáne qaıypke toly. Sogán qarastan, Amerikada jymnalstika fakýltetin tańdayshylyr sany jylдан-jylǵa artp keledi. Demek, bizder úshin eń basty ereje – qasaqana jazı men keke basty dáripteyden aylaq bolıy» – deidi.

AQSH jymnalstikanyń tájirbesine sai, jymnalstik etika men jazı ádisiniń máni – qurǵaq derek arqyly emes avtorlyq baǵalayı arqyly jetistikke jetıy. Baiqap otyrganymyzdai, bul AQSH jymnalstikasyna tán jańashylydyq. BAQ salasında jymnalstik etikanyń mańyzı zor. Etika jymnalstik qyzmetin ár salasında kórinis taıyp otyradı. Máselen, BAQ pen áydtoria arasyndaғы baılanysta jymnalstik informasiya kózderin paidalanıy, obyektivti habar taratıy, tipti bolmasa respondentpen dialog barysynda óz-ózin kórsete bilıy. Mundai jaǵdaida jymnalstik zertteydi de nazarǵa alǵanymyz jón. Amerika tájirbesinde zertteydi bastay úshin jaqsı derek qorynyń saqtalayı mańyzdy. Jymnalstik zertteý kóp rette áleymettik turaqsydyq pen túrli revolyısalar kezeinde damıdy. Reporter qundy derekterdi rettegende, maqalada avtorınyń kózqarası, jeke baǵasy paida bolady. Al bul oqymnanyń qabyldaıyına zor yqpal etedi. Sol sebepti synay teoriasyn meńgere otyryp, etikaǵa basa man berı kerek. Osyndaı jaǵdaida ғana tıyndı avtory óz pikiriniń obyektivtiligin dáleldei alady. Keleli kezdesyden túgenimizdei, otandyq BAQ zamańay ozqy tehnika men tehnologiyanıń órkendeyinen shet qalmaıy shart. Sondai-aq sheteldik úlginin jaqssyn meńgerı arqyly jymnalstikanyń man-mańyzyn arttyra alamyz. Kezdesy soıynsha Jesse Holandqa jymnalstika fakýltetiniń atyan tartı-taralǵy tabystalyp, jas tilshiler men stýdentterge jymnalstik «The Black Panther: Who Is The Black Panther?», «Star Wars: The Force Awakens – Story» syndı avtorlyq eńbekteri óz qoltańbasymen syǵa berildi.

Jymnalstika fakýlteti

QazU-da Almaty qalасыnyń quyq qorǵay organdary men qalalyq medisinalyq áleymettik túzey jónindegi narkoortalyqtyn qyzmetkerleri esirtkige qarsy túsinirme sharalaryn ótkizdi.

Nashaqorlyq búginde alandattayn álemdik deńgeidegi máselelerdiń biri. Osy dertpen kúresı maqsatında Almaty qalasy quyq qorǵay organdarynyń arnayı ókilderi QazU jastaryna onıń zıany men adam ómirine qaıptiligi jaily tolyqqandy aqparatpen bólisti.

Birinshi bolyp sóz alǵan qalalyq narkoortalyqtyn arnayı qyzmetkeri Liybyshkin Aleksi «Qazirgi tańda álemdе bul dertke kóp jaǵdaida jastar men jasospirimder shaldyǵyp jatady. Olardyń basym kópsiligi esirtkiniń sintetikalyq túrine áyestenip, ólimniń ne ekenin tereń túsinbeitin jasta esirtkige urnady.

Жалғасы. Басы 1-бетте

Түркі кино әлемінің жаңғыруы



«Бүгін осы университетте сіздердің араларыңызда болу біз үшін үлкен құрмет, ал әріптестерімізбен танысу үлкен қуаныш. Түркі әлемі журналистер федерациясы Анкара қаласында құрылды. Бұл федерацияның негізгі мақсаты түркі халықтары ақпарат құралдарын, журналистерін бір жерге жинау. Жұмысымызға байланысты тәжірибелерді бір-бірімен бөлісу, түркі дүниесінде болып жатқан іс-шараларды ұйымдастыру негізгі мақсатымыз.

Бізге Түркиядағы ақпарат құралдары мен журналистер одағы қолдау көрсетуде және бірге көптеген іс-шаралар өткізудеміз. Алдағы жоспарлардың бірі – Түркиядағы Амасия университетінде симпозиум ұйымдастыру. Оның мақсаты – бүкіл түркі дүниесінен журналистерді, ақпарат құралдары өкілдерін жинау. Аталған шараға түркі дүниесінің бірқатар белді университеттері қолдау көрсетіп отыр.

Осы жылғы фестиваліміздің Қазақстанда өтуіне үлкен қолдау көрсетіп отырған ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтановқа, проректор Мехмет Арсланға, Имидждік саясат және қоғаммен байланыс жөніндегі департамент директоры Дәурен Дүйсебаевқа, халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры Айжан Смаиловаға, дипломатиялық аударма кафедрасының доценті Сафура Борибаеваға алғысымыз шексіз. Ендігі жылы Түркі бабасын түсіру жоспарымызда бар және ол түркі жұртынан қолдау тауып отыр», - деп атап өтті Мендерес Демир.

Журналистика факультетіндегі кездесуде студенттер Түркиядағы журналистиканың ерекшеліктеріне байланысты толғандырып жүрген сұрақтарына жауап алды. Жиналған қауымның сауалдарына жауап берген Түркия журналистер федерациясының президенті Йылмаз Караджа: «Түркияда мемлекеттік жұмысқа кіру үшін студент университет бітіргеннен кейін 18 ай күту керек. Содан кейін барып, жұмысқа орналасады. Осы федерацияның арқасында, журналистика факультетінің студенттері ешқандай күтпей - ақ, жұмыс бастап кетуіне жағдай жасалған», - деп атап өтті.

Сонымен қатар түркиялық делегация ҚазҰУ кампусын аралау барысында университеттің мүмкіншіліктеріне тәнті болып, әсіресе әл-Фараби ғылыми кітапханасының студенттер үшін өте ыңғайлы әрі сапалы жұмыс жасайтындығына ерекше риза болғандарын жеткізді.

19 қазанда Түркі әлемінің журналистер федерациясы және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің ұйымдастыруымен III Халықаралық Түркі дүниесі деректі фильмдер фестивалінің қазақстандық бағдарламасы басталды. Кинофестиваль сегіз қатысушы елдің жетекші серіктес университеттерінде өткізіледі. Аталмыш шарада Түркия, Қазақстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Кипр, Өзбекстан және Ресейдің (Башқұртстан және Татарстан) үздік деректі фильмдер таныстырылды.

Баспасөз қызметі

«СЕГІЗ ЕЛ, СЕГІЗ ШАҒАР, БІР ФЕСТИВАЛЬ»

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да III Халықаралық Түркі дүниесі деректі фильмдер фестивалінің қазақстандық бағдарламасы салтанатты түрде ашылды. Аталмыш шара Түркі әлемінің журналистер федерациясы және ҚазҰУ-дың ұйымдастыруымен өтті.

«Сегіз ел, сегіз шағар, бір фестиваль» ұранымен өтіп жатқан фестиваль биылғы жылы Түркияның Ыстамбұл қаласында басталып, Әзірбайжанның Баку шаһарында жалғасса, бүгін де қазақ еліне табан тіреді.

Кинофестивальдің салтанатты ашылу рәсімінде Түркі әлемінің журналистер федерациясының президенті Мендерес Демир, Түркия Республикасының Алматыдағы Бас Консулы Рыза Қаған Йылмаз, ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев және де «Түркі анасы» кинофестиваліндегі Қазақстандық деректі фильмінің бас кейіпкері Кәмила Қасымова да шараның құрметті қонағы болды.

«Деректі фильмдер фестивалі түркі әлемі елдерінің көпқырлы мәдени өміріндегі маңызды және елеулі оқиғалардың біріне айналды. Жалпы түркі мұрасын сақтауға, рухани байланысты нығайтуға және де түркі тілдес елдердің шығармашылық интеграциясына арналған кинофестивальді өткізу біз үшін үлкен мәртебе. Осы орайда түркі дүниесінің рухани құндылықтарын насихаттап кинофестивальді өткізуге ерекше үлес қосып жүрген Түркі әлемінің журналистер федерациясының президенті ұйымдастыру комитетінің төрағасы Мендерес Демир мырзаға алғысымыз шексіз», - деді ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев.

Кинофестивальдің географиялық аумағы жыл санап өсіп келе жатыр. Атап айтар

болсақ биыл шараға Түркия, Қазақстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Македония, Солтүстік Кипр (Түркия), Өзбекстан және Ресейдің (Башқұртстан және Татарстан) үздік шығармалары қатысуда. Фильмдер қазіргі әлеуметтік, мәдени, рухани және қоғамдық маңызы зор тақырыптарға, сондай-ақ жастарды тәрбиелеуге арналған.

Кинофестивальге 140-тан астам жұмыс қабылданып, 12 фильм ақтық сынға өтіп, оның ішінен үздіктер тандап алынған. Фестиваль ережесіне биылғы жылы көпшіліктің сұрауы бойынша өзгертулер мен толықтырулар еніп, кәсіпқойлар мен студенттер жеке-жеке сынға түсті. Ал келесі жылғы фестивалдің тақырыбы «Түркі Ата», яғни Түркі елдеріндегі ер адамдардың портреті жайлы деректі фильмдер сынға түсетін болады.

Кинофестивальдің шымылдығы ұйымдастыру комитеті арнайы ұсынған 8 түркі елі аналарының жан тебіренерлік сан килы тағдырын ашып көрсететін «Түркі Ана» атты деректі фильм топтамасы мен «Әл-Фараби – өркениет философы» фильмімен ашылды.

Одан бөлек кинофестиваль аясында «Аналардың анасы», «Sen Adam Misin?», «1M2», «İsterdim Belgeseli», «Dişe Diş Söze Söz», «Ибн Сина» деректі фильмдерінің көрсетілімі болды.

Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА,

Саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының 1-курс магистранты



БАУЫРЛАС ЕЛДЕРДІ БІРІКТІРЕТІН ШАРА



Оқырман қауымға Түркі дүниесі деректі фильмдері кинофестивалінің тарихын айта кеткен жөн болар деп ойлаймыз. Түркі тілдес халықтардың басын біріктіріп, жай қарапайым адамдар туралы, салт-дәстүрлерімізді, мәдени ортақ құндылықтарымызды насихаттау жөнінде деректі, шынайы өмірді сипаттайтын фильмдер түсіру идеясының авторы, ұйымдастырушысы, Түркі дүниесі Журналистер федерациясының президенті Мендерес Демир.

Бұл ұйым 2014 жылы құрылған. Бас офисі Анкара қаласында орналасқан. Түркі дүниесі Журналистер федерациясының негізгі мақсаты – түріктес елдермен ынтымақтастық қарым-қатынас орнатып, түркі дүниесінің мәдени құндылықтарын жариялау, насихаттау, ақпарат алмасу.

Ең алғаш рет кинофестиваль Алматыда 2016 жылы өткен. 2017 жылдың 26-27 қазан айы аралығында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да университет ректоры, ҚР ҰҒА академигі Ф.М. Мұтановтың қолдауымен Түркі дүниесі деректі фильмдерінің II Халықаралық кинофестивалі табысты өтті.

Биылғы жылғы кинофестивальдің аясында тағы бір ортақ жоба қолға алынды. «Түркі анасы» деп аталатын деректі фильмдерінің көрсетілімі ұсынылды. Бұл фильмдердің кейіпкерлері сегіз түркі тілдес елдердің, соның ішінде Қазақстанның аналары.

Жұлделі орын алған деректі фильмдер арасында университетіміздің атынан қатысқан Дәурен Дүйсебаевтың «Аналардың анасы» атты туындысы да бар. Қазіргі таңда Алматыда ғұмыр кешіп келе жатқан Кәмила әже 94 жастағы абыз ана. Іс-шарамызға

кейуана өз аяғымен келіп, барша қауымға батасын беріп, алып келген кітаптарын сыйлап, фестиваль қонақтарына тарту етті.

«Әйел қырық жанды» дегендей, кейуана үш заманның куәгері, ашаршылық заманында басынан кешірген қиыншылықтарымен бөлісіп, сонау тарихи кезеңді көз алдымызға елестеттік. Абыз ана осыншама жасқа келсе де, әлі тың, ойы сергек, мейірімді жүзімен, позитивті көңілімен барша қауымды баурап алды. ҚазҰУ-дың Бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев Кәмила әжейге университет ұжымы атынан құрмет көрсетіп, камзол мен гүл табыстады. Түркі дүниесі Журналистер федерациясының президенті Мендерес Демир абыз анаға кинофестивальдің мүсіншесін сыйлады. Ал Түркиядан арнайы келген атакты, ақын-сазгер Кемел Шахин музыкалық шығармасын тарту етті. Бірлесіп өткізген игі шараларымыз жас ұрпақты тәрбиелеуде рухани құндылықтарды қастерлеуге шақырады деген ойдамыз.

Сафура БӨРІБАЕВА,

Дипломатиялық аударма кафедрасының доценті

ІІІ ХАЛЫҚ ТҮРКІ ДҮНИЕСІ ДЕРЕКТІ



ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтановтың Түркі әлемі журналистер федерациясының президенті Мендерес Демир бастаған делегациямен кездесті



ІІІ Халықаралық Түркі дүниесі деректі фильмдер фестивалінің ресми ашылу сәті



Студенттер үздік деректі фильмдер көрсетілімінде



Әл-Фараби музейінде

«Керемет» орталығының кинозалында деректі фильмдер көрсетілімі өтті

ҚАРАЛЫҚ ФИЛЬМДЕР ФЕСТИВАЛІ



Шара аясындағы фотокөрме



«Түркі анасы» кинофестиваліндегі Қазақстандық деректі фильмінің бас кейіпкері Кәмила Қасымова



Түркия Республикасының Алматыдағы Бас консулы Рыза Қаған Йылмаз фестивалдің ашылу салтанатында



Шығыстану және Халықаралық қатынастар факультетіндегі кездесу



Түркиялық делегация өкілдері «Әл-Фараби» радиосының тікелей эфирінде



Қонақтардың Журналистика факультеті студенттерімен жүздесуі

На базе КазНУ планируется открыть медиа-центр университетов Тюркских стран

БЕЙБІТШІЛІК, БІРЛІК ЖӘНЕ ГҮЛДЕНУГЕ ДЕГЕН ҰМТЫЛЫС

Орыс филологиясы және әлем әдебиеті кафедрасы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру: табыс пен өмір сапасын арттыру» атты Жолдауын талқылады.

Кафедра оқытушылары жыл сайынғы Жолдаудың негізгі ережелерін ортаға салды. Жолдауда Елбасы: «Қазақстанның әрбір азаматы жүргізіліп жатқан реформалардың мәнін және Отанымыздың өркендеуі үшін олардың маңыздылығын нақты түсінуі керек. Оларды табысты іске асыру үшін бүгінгі таңда ортақ мақсаттарға жету үшін қоғамды шоғырландыру маңызды», - деп айтқан болатын. Бұл өз елінің шынайы патриоттары мен азаматтарының ұлттық маңызы бар мәселелерді шешуге ешқандай кедергі жасамайтынын көрсетеді.

Мемлекет басшысының ұсынған келесі бағыттары маңызды деп ойлаймыз. Халық табысының өсуі, өмір сүру сапасын жақсарту, тұрмыс жағдайын жақсарту, азаматтардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған мемлекеттік аппарат, тиімді сыртқы саясат, әрбір қазақстандықты елдің трансформация процесеріне тартуы туралы мәселе.

Біріншіден, халық табысының өсуі туралы айта келе, Мемлекет басшысы жас ұрпаққа мұқият болуды және жоғары білікті мамандарды даярлауды, жалпыға ортақ еңбек қоғамын құрудың маңыздылығын атап өтті. Осыған байланысты жоғары оқу орындарының және Қазақ ұлттық университетінің үлесін атап өткіміз келеді. Әл-Фараби, әр түрлі салаларда білікті мамандарды даярлау барысында жұмыс істейді. Адам капиталына байланысты мәселелерді шешуге болашақ мамандардың сапалы дайындықтары туралы ешкімге құпия емес. Айта кетейік, Президент осы мәселеге өзінің жыл сайынғы Жолдауында үлкен көңіл бөледі. Мемлекет басшысы сондай-ақ жалақыны, экспортты, отандық киім-кешектерді, өнімдерді және басқа да көптеген тауарларды арттыру мәселелеріне назар аударды. Әрине, тауарлар мен қызметтердің отандық өндірушісіне қосқан үлесі біздің өмірімізді жақсарты алады.

Екіншіден, өмір сапасын жақсарту мәселесі

көтерілді. Ел азаматтарының әл-ауқатының маңызды құрамдас бөлігі – бұл өмір сүру деңгейінің артуы. Кафедраның профессорлық-оқытушылар құрамы мемлекеттік бюджеттің шығыс басымдықтарын әлеуметтік секторға, қауіпсіздікке және инфрақұрылымға баса назар аударып отырып, Үкіметтің тапсырмаларын бірауыздан қолдады. Әр қазақстандық отбасына қатысты негізгі мәселелер – білім беру, денсаулық сақтау, тұрғын үй, жайлы және қауіпсіз өмір сүру сапасы мен қолжетімділігіне байланысты.

Үшіншіден, мемлекет басшысы «Нұрлы жол» және «7-20-25» ауқымды бағдарламасына ерекше көңіл бөлініп, ипотеканы көпшілікке қолжетімді етуге мүмкіндік беретін жайлы өмір сүру ортасын құру мәселесіне тоқталды. Факультеттің жастар қанаты көптеген қазақстандық отбасылар үшін өмірлік маңызды мәселе болып табылатын тұрғын үй ипотекалық несиелерін енгізу арқылы шабыттандырылады.

Азаматтардың қажеттіліктеріне бағытталған мемлекеттік аппараттың мәселелеріне қатысты төртінші аймақ елдің кез-келген азаматына үлкен қызығушылық тудырады. Осыған байланысты «Жаңа білімнің басшысы» бағдарламасы ерекше орын алады. Президент сондай-ақ мемлекеттік органдардағы жоғары оқу орындарының түлектерін жұмыспен қамту, мемлекеттік құрылымдардағы орын үшін күресте нақты бәсекелестік туралы түрлі мысалдар келтірді. Біз, университеттің оқытушылары, тек қана білім алушыларға арналған сапалы білім беру бағдарламасымен ғана емес, сонымен қатар біздің түлектерімізді жұмысқа орналастырумен де байланысты. Бүгінгі күні біздің еліміздің жалпы білім беру мекемелерінде орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімдерінің жетіспеушілігі мәселесі бар. Бұл мәселені шешу осы мамандық бойынша мемлекеттік гранттар санын көбейтуде және осы саладағы оқыту сапасын жақсартуда байқалады, бұл біздің бөлім үшін басымдық

болып табылады. Сонымен қатар, Мемлекет басшысының назарын сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселесіне тағы да шақырды. Бұл барлық қазақстандықтар үшін маңызды. Біз қоғам үшін ең маңызды болып табылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптар бойынша бейнероликтерді көріп, дәрістер, кураторлық сағаттар өткіземіз.

Бесіншіден, Қазақстанның тиімді сыртқы саясаты маңызды орын алады. Біздің мемлекетіміз мемлекетаралық қарым-қатынастар мен халықаралық жанжалдардың бейбіт жолмен шешілетін орталығы ретінде өзін ұстап отырғаны қуантады. Мемлекеттің сыртқы саясатының жақсы қалыптасқан жүйесі әлемдік жоғары оқу орындарының арасындағы қатынастарды жақсартуға мүмкіндік береді. Сонымен, ҚазҰУ студенттері, оқытушылары мен ғалымдары Ресей Федерациясының әртүрлі университеттерімен және шетелдермен халықаралық ынтымақтастыққа, халықаралық конференцияларға, оқу семинарларына және біліктілікті арттыру курстарына баруға мүмкіндік береді. Мысал ретінде әл-Фарабидің атындағы Қазақ ұлттық университетінің аумағында шамамен бес жыл жұмыс істейтін Американдық халықаралық білім беру кеңестерінің «Флагманы» бағдарламасын келтіре аламыз. Осы бағдарламаның аясында АҚШ-тың студенттері оқу жылы бойы орыс тілін меңгереді. Сауалнамаларда олар қонақжайлылықты, қазақ халқының өкілігіне, елде тұратын халық пен ұлт өкілдеріне төзімділікпен қарайтынын бөліп көрсетеді.

Мемлекет басшысы әрбір қазақстандықтың елдегі трансформациялық үдерістерге алтыншы бағыт ретінде қатысуын сипаттады. Ұлы Абай жазған сияқты, әрбір адам – ұлы ғаламның кірпіші. Қазіргі заманғы қоғамның жағдайында бұл елдің әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, мәдени трансформациясы үшін келешек ұрпақтар алдындағы жауапкершілікті білдіреді. Осы параграфтың жалпы тарауы

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының дәстүрлерінің жалғасы болып табылады. Осыған орай, жоғары білім берудің мәдени дәстүрлерін сақтау және рухани-адамгершілік тәрбиені жетілдіру курстарын құрудағы рөлі жоғары. Біздің «Айналанды нұрландыр», «ҚазҰУ Greencampus», «100 кітап» жобалары осы басым міндеттерді шешуге бағытталған.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушылары мамандарды даярлау маңыздылығын түсінеді. Біздің басты міндетіміз – әр түрлі салаларда жоғары білікті мамандарды ғана емес, сонымен қатар өз мемлекетінің, өз елінің шынайы патриоттары мен болашақ интеллектуалдарын даярлау.

Кафедраның оқытушылары құжаттың әлеуметтік-экономикалық бағыттылығына үлкен мән беріп, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің саясатын толық қолдайды және мемлекет басшысының жаңа міндеттерін шешу үшін бар күш-жігерін жұмсауға, білім беру жүйесіне барынша қолайлы үлес қосуға және біздің дамуымызға сәйкес болуына ұмтылуға дайын. Кафедраның отырысында орыс филологиясы және әлемдік әдебиет кафедрасының стратегиялық даму жоспарына ұсыныстар енгізу туралы шешім қабылданды. Сонымен қатар, кафедраның оқытушылары Н.Ә.Назарбаевтың оқушылар аудиториясына Жолдауын талқылауды шешті.

Жолдауда айтылған бағыттар – елдің ертені үшін жасалған нақты қадамдар. Сондықтан, оның орындалуында біз барлығымыз білім-ғылым, өнер, мәдениет, экономика, саясат салаларында жан-жақтылығымызды көрсетіп, табысты болуға ұмтылуымыз қажет. Ел ертені үшін жасалған әрбір іс болашақтың нұрлы, шуақты болатындығын айшықтайды!

Н. СМАТАЕВ,

Орыс филологиясы және әлем әдебиеті кафедрасының оқытушысы

Манускрипты ИЗ Biblioteca Apostolica Vaticana



меморандуму, подписанному в 2015 году между КазНУ им. аль-Фараби и «La-

Sapienza Universita di Roma». Четыре магистранта из университета итальянского вуза - Джессика Вентурини, Матео Фрайоли, Маторороко Адриано, Фарисси Сахим в настоящее время проходят обучение в КазНУ на факультете истории, археологии и этнологии.

Со своей стороны, директор департамента Эмануэль Принцивали и профессор Фабио Грасси положительно отметили подготовку по дудипломному проекту магистранта КазНУ Меруерт Сеилбековой. Сегодня по академической мобильности получают знания и другие студенты КазНУ - Акжан Дуйсенкул, Жайык Чальтен, Арайлым Кабидолла. Этому способствует совместная работа профессоров Калкамана Жумагулова и Фабио Грасси по подготовке докторов PhD в КазНУ и участие представителей двух университетов в международных конференциях в Алматы и Риме.

К концу своего пребывания ученый КазНУ был приглашен на прием в Посольство Казахстана в Италии, где он рассказал о плодотворном сотрудничестве

двух университетов и научной работе в Риме. На встрече Чрезвычайный и Полномочный Посол РК в Итальянской Республике Сергей Нуртаев отметил неопределимое значение редких письменных латинских манускриптов Ватикана для раскрытия важнейших неизученных аспектов древней и средневековой истории и культуры Казахстана. Также он выразил удовлетворение взаимодействием КазНУ им. аль-Фараби и Римского университета «La Sapienza», пожелал дальнейших успехов во благо развития образования и науки двух стран.

Два ведущих итальянских информационных агентства «Agenzia Nova» и «Agir Agenzia Giornalistica Repubblica» взяли интервью у профессора Калкамана Жумагулова и разместили на своих страницах материал о сотрудничестве Казахстана и Италии в научно-образовательной сфере на примере КазНУ им. аль-Фараби и университета «La Sapienza».

Соб.к.орр.

Известный писатель, профессор университета «Украина» Сергей Дзюба провел мастер-класс «Культура книги» для студентов факультета журналистики

ЖАСТАР ЖЫЛЫ – ЖАСТАРҒА АРТЫЛҒАН СЕНІМ

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өткен аптадағы Қазақстан халқына кезекті жолдауын студент-жастар қуана қабыл алды. «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» деп аталатын жолдаудың халқымызға берер пайдасы мол, әлеуметтік-экономикалық маңызы орасан зор. Бұл Жолдау мемлекеттік бағдарламаларға тың серпін беріп, тағы бір саяси маңызды стратегиялық құжатқа айналды.

Елбасы өз Жолдауында адами капитал сапасын арттыру, мемлекеттік қызметкерлер жұмысын оңтайландыру, сот жүйесін жетілдіру, тұрмыс сапасын арттыру, білім беру жүйесін көтеру сынды еліміздегі әлеуметтік тұрғыдан

маңызды салаларға баса назар аударды. Сонымен қатар жолдау барысында жастарға ерекше көңіл бөлінді. ЖОО түлегі атанған жастардың жұмыспен қамтылуы, жастар арасындағы баспана мәселесін де сөз етті.

Елбасы биыл студент-жастарға көп көңіл бөліп отыр. Осы жылы студент жастарға арнап мемлекеттік грант санының өсуі, қосымша жатақхана салуға тапсырманың берілуі көңіл қуантады. Сонымен қатар осы жолдауда айтылғандай Назарбаев университеті сынды техникалық жана ЖОО бой көтеруі, еліміздегі студент жастарға берілген үлкен мүмкіндік. Енді студент-жастар шетел қумамай, өз елімізде әлемдік университеттермен қатар иық тірестіре алатын жоғары оқу орындарында оқуға мүмкіндік алады.

«Тұрмыс сапасын» арттыру бағытының бесінші тарауында, жоғары білім беру ісінде оқу орындарының маман дайындау сапасына қатысты талаптар күшейтілді. Жоғары оқу орнының табыстылығын бағалаудың басты критеріі – оқу бітірген студенттердің жұмыспен қамтылуы, жалақысы жоғары жұмысқа орналасуы – деп Елбасы атап өтті. Елімізді өркендетіп, мемлекетімізді көркейту үшін сапалы білім мен саналы тәрбие алу – жастардың басты міндеті екендігін ескеретін болсақ, жастарға артылған сенім жоғары. Соның бір көрінісі Елбасы 2019 жылды – жастар жылы деп атауды ұсынды. Бұл жастар үшін тапсырмасы сый, артылған сенім.

Кез келген мемлекеттің болашағы – білімді жастар. Көзі ашық, көкірегі ояу кез-келген білімді ұрпақ өз Отанын дамыту жолында



аянбай тер төгеді. Қазіргі бой жарыстыратын емес, ой жарыстыратын заманда жалқаулықты жанға серік етіп жатудың өзі әбестік. Жалын мен жігерді, ізденіс пен талпынысты талап ететін жастық шақта ел болашағы үшін еңбек ету жастардың басты міндеті. Сондықтан замандастарыма артылған сенімді актауға, берілген мүмкіндікті пайдалануға шақырамын. Біз «Алматы студенттер Альянсы» – Ұлы Дала елінің өсуі мен өркендеуі жолында бар күш жігерімізді салуға дайынбыз!

Жасұлан ҚУАНДЫҚ,

*Экономика және бизнес жоғары мектебінің
I-курс магистранты, «Алматы студенттер
Альянсы» КҚ директоры*

Китай удивительная страна

В этом году мне выпала огромная честь представить нашу страну на международной арене в рамках программы летней школы «2018 Silk Way International Summer School» в Китае.



Великий Шелковый путь – это история соединяющая народы, страны и континенты со II века до нашей эры в городе Сиань и продолжающаяся сегодня в мегапроекте «Один пояс – один путь».

Основной целью образовательной поездки было получение знаний и изучение истории Великого Шелкового пути в месте его зарождения городе Сиань. Сегодня это крупный центр истории, культуры, образования и современной промышленности. Город Сиань был первой столицей Китая и 13 династий правителей в периоды Цинь, Хань, Чжоу, Суй и Тан. В центре города находится городская стена «City Wall», которая сохранилась со средневековых времен династии Мин.

Терракотовая армия, мавзолей Цинь Шихуана, мусульманский квартал с мечетью, Большая и Малая пагода диких гусей, исторический музей провинции Шэньси – основные бренды города, собирающие миллионы туристов из всех уголков мира.

Обучение в Китае по временным критериям полностью идентично с нашей системой. Однако методика преподавания и спрос со студентов высок и более требователен. «Ответственность и знания» – главная мотивация каждого студента. Профессор Лин, читавшая лекции в период нашего обучения, была преподавателем из Гонконгского Политехнического университета, защитившая магистерскую диссертацию в США. Наши

лекции были посвящены таким темам как: «Последовательность правления династий», «Тактика ведения атаки», «Виды оружия защиты» и др. Я открыла для себя, что дорога для караванов, пролежавшая по Великому Шелковому пути, была очень нелегкой. Ведение торговли требовало больших усилий по обеспечению безопасности караванных путей и торговцев.

Многointерактивной работы, увлекательные игры и квесты, опросы – в таком формате проходили наши лекции, подкрепляемые культурно-образовательными экскурсиями. По окончании лекционного курса мы разделились на группы по принципу «team-based learning». Я была в команде куда входили студенты из Пекинского и Гонконгского Политехнического университета. Нами был представлен проект под названием «Великая Китайская стена как продолжение Великого Шелкового пути». Основная цель и идея построения Великой Китайской стены, ее культурно-историческая значимость, туристско-рекреационный потенциал – все упомянутые аспекты были четко изложены и рассмотрены во время итоговой презентации. Проектная работа была особенно отмечена нашим профессором за тщательно

подготовленный материал.

В Сиане мы передвигались на большом автобусе, иногда пользовались услугами такси. Заказать и оплатить услуги такси в Китае можно через специальное приложение по QR коду. Понятие «доехать на попутке» встречается крайне редко, только за пределами центра города. Такси, как правило, окрашены красным, желтым и зеленым цветом. Стартовая цена такого удовольствия может варьироваться как от времени суток и расстояния, так и от города, в котором ты находишься.

Обращает внимание развитый внутренний туризм – посещение достопримечательностей, музеев, выставок доступно жителям Китая, особенно для старшего поколения.

За столь короткий срок пребывания, Китай открыл для меня новый мир безграничных возможностей. В действительности это – удивительная страна, с многовековой историей и огромным потенциалом, сделавшая прорыв в сфере образования, науки и конечно же экономике.

Хочется выразить огромную благодарность кафедре рекреационной географии и туризма КазНУ им. аль-Фараби, за предоставленную возможность расширить горизонты знаний!

Акжан ИСКАКОВА,

*студентка 4 курса кафедры
рекреационной географии и туризма*



Көкпар-ұлттық құндылық

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Жастар Көкпар Лигасы» мен ҚазҰУ-дың ұйымдастыруымен ұлттық спортымызды дамыту мақсатында «JKL PROFI 3x3» форматында кәсіби көкпар командалары арасында тартысты көкпар ойыны өтті.



Аталмыш тартысты ойынды тамашалауға ҚазҰУ ректоры Ғ. Мұтанов, Түркі дүниесі Журналистер федерациясының президенті Мендерес Демир мырза бастаған түрік делегациясы, «Жастар Көкпар Лига» кеңесінің президенті Данияр Дәукей, сонымен қатар кезінде көкпардың қайта жаңғыруына өз үлесін қосқан арда азаматтардың бірі Серікбек Дәукей мен ұлттық спортымыздың жанашырлары жиналды.

Биылғы көкпардың артықшылығы мұнда тек қана студенттерден құралған командалар емес, сонымен қатар кәсіби көкпар командалары да қатысты. Тартысты доданы салтанатты түрде ашып берге ҚазҰУ ректоры ұлттық спортымызды қолдауға келген көпшілік қауымға өз алғысын білдірді. «Осынау ұлан-ғайыр кең даланы ата-бабаларымыз білектің күшімен найзаның ұшымен сақтап қалғаны



баршамызға ақиқат. Сайын даланы жаудан аман сақтау үшін жауынгер де астындағы тұлпар да бабында болып, жігерлі болуы үшін осы көкпар ойынын өткізіп тұрған. Сондықтан да мұнда тек ғана ойын емес үлкен мән-мағына, ұрпаққа деген тәлім-тәрбие жатыр. Көкпар ол біздің рухани құндылығымыз, осы орайда ұлттық спортымыздың жанашырына айналған, жастарға қолдау көрсетіп келе жатқан Данияр Дәукей мырзаға айтар алғысымыз шексіз. Ұлттық құндылық ол ұлттың мызғымас байлығы, ендеше осынау асыл мұрамызды сіз бен біз болып жаңғыртуға атсалысайық», – деді Ғ. Мұтанов.



Түркі дүниесі Журналистер федерациясының президенті Мендерес Демир мырза өз кезегінде Қазақстанда ұлттық спорттың қарыштап дамып келе жатқандығына өз ризашылығын білдірді. «Мен сіздердің оқу орындарыңызды аралау барысында қаншалықты халықаралық деңгейде дамып келе жатқандығына куә болдым. ҚазҰУ әлемнің 220 үздік университетінің қатарына еніп, әлем алдындағы беделі қарыштап дамып келеді. Білім мен ғылымды дамытумен қатар өз дәстүрлеріңізге де қаншалықты берік екендеріңізге бүгінгі көкпар ойыны дәлел. Көкпар бұл түркітілдес елдерге ортақ ұлттық

ойын, өкінішке орай арамыздан жыл санап ұмыт болып барады. Осы орайда мен қазақ жастарының осы ұлттық спортқа деген ерекше махаббаттарын көріп, өзімізге үлгі ретінде алып отырмын. Алдағы уақытта көкпар ойынын Түркияда, Еуропада, тіпті бүкіл әлемге жарнамалап, қайта жаңғырту жолында белсене жұмыс атқаруға дайын екенімізді жеткізгім келеді», – деді Мендерес Демир.

Жалпы «JKL PROFI 3x3» форматы көкпарды қалалық жерлерде дамытуға өте оңтайлы тәсіл болып саналады. Яғни бұл



форматта ойын өткізу алаң аумағының кіші және көкпаршылар санының аздығын кедергі санамайды, бұл тәсіл елімізде кең таралуда.

Тартысты долада ҚазҰУ құрама командасы бар күштерін салып, көрермен қауымға ерекше аламан ойын көрсете білді. Команда құрамында өнер көрсеткен Абылайхан Қожамбердиев, Мәди Шойбек, Бердіғали Жакешев, Айболат Бердімұрат университет намысын қолдан бермей жанкүйерлердің ыстық ықыласына бөленді. Тартысты ойында ақтық мәреге жетіп жеңісті «Алмалы» көкпар құрама командасы

өлжалады. Ал 2-орынды әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың студенттері еншілесе, 3-орын Қазақ спорт туризм академиясы мен «Астана» құрама командасына бұйырды. Аламан бәйгеде көкпаршылар көрерменнің көңілінен шығып, көпшілік қауымның ризашылығына бөленді.

Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА,

Саясаттану және саяси технологиялар факультетінің 1-курс магистранты

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактордың міндетін атқарушы: **Досжан БАЛАБЕКУЛЫ**
Тілшілер: **Айнур АҚЫНБАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА,**
Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА
Фототілші: **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректор: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: **kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана

Тапсырыс: №1404

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.